

Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар ұйымдардың есеп беру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысы 2002 жылғы 18 желтоқсандағы N 486. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 16 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 2124. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 27 шілдедегі № 224 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.07.27 № 224 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Бағалы қағаздар рыногы қызметінің айқындылық дәрежесін және тиімділігін арттыру мақсатында, сондай-ақ бағалы қағаздар рыногындағы инвесторлардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар ұйымдардың есеп беру ережесін бекітілсін.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енгізілсін.

3. Қаржылық қадағалау департаменті (Бахмутова Е.Л.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, сауда-саттық ұйымдастырушысына және бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын, сауда-саттық ұйымдастырушының мүшелері болып табылмайтын ұйымдарға жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ә.Ғ.Сәйденовке жүктелсін.

Ұ л т т ы қ

Б а н к

Төрағасы

"Қазақстан Республикасының бағалы
қағаздар рыногында брокерлік және
дилерлік қызметті жүзеге асыруға
лицензиялары бар ұйымдардың есеп
беру ережесін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасының Ұлттық
Банкі Басқармасының
2002 жылғы 18 желтоқсандағы
N 486 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар ұйымдардың есеп беру ережесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ережеде пайдаланылған ұғымдар мынаны білдіреді:

1) басшы - бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар ұйымның алқалы атқарушы органының басшысы болып табылатын тұлға; немесе

бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар ұйымның лауазымды тұлғасы болып табылатын және бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар ұйымның ішкі ережелеріне сәйкес брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға жетекшілік жасау жүктелген тұлға;

2) уәкілетті орган - бағалы қағаздар нарығын реттеу мен қадағалауды жүзеге асырушы мемлекеттік орган.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 28 мамырдағы N 164 қаулысымен, 2007 жылғы 30 наурыздағы N 76 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2009.01.26 N 6 Қаулыларымен.

2-тарау. Есепті жасау және ұсыну тәртібі

2. Бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар ұйым есепті уәкілетті органға тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың соңғы күнінен кешіктірмейтін мерзімде ұсынады.

3. Есеп уәкілетті органға қағаз және электрондық тасымалдаушыларда беріледі.

Электронды нысанда жасалған есеп ұсынылатын деректердің құпиялылығын және түзетілмейтіндігін қамтамасыз ететін криптографикалық қорғау құралдары бар ақпараттың жеткізілуіне кепілдік беретін көлік жүйесін пайдалана отырып, электрондық тасымалдағышта ұсынылады.

Қағаз тасымалдаушыда жасалған есепке басшы (ол болмаған кезде – оның орнындағы тұлға) және бас бухгалтер қол қояды және еркін нысанда жасалған ілеспе хатпен жіберіледі.

Есептің барлық парақтары нөмірленеді, олардың жалпы саны уәкілетті органға есепті жіберген кезде ілеспе хатта көрсетіледі.

Қағаз тасымалдаушыда берілген есептегі мәліметтер электрондық тасымалдаушыда берілген есептегі мәліметтерге сәйкес болуы тиіс.

Қағаз тасымалдаушыдағы есеп екі данада жасалады, есептің бір данасы уәкілетті органға беріледі, екінші данасы бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар ұйымдарда қалады.

Бірінші басшы (ол болмаған кезде – оның орнындағы тұлға) және бас бухгалтер электрондық тасымалдаушыда берілген мәліметтердің қағаз тасымалдаушыда берілген мәліметтерге сәйкестігін қамтамасыз етеді.

Есепке өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажет болған кезде бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар ұйымдар уәкілетті органға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізудің себептерін түсіндіре отырып жазбаша өтініш жібереді.

Брокер және дилер берген есептен толық емес және (немесе) шынайы емес ақпарат анықталғанда, уәкілетті орган бұл туралы брокер және дилерге хабарлайды. Уәкілетті органның ескертулерін ескере отырып жетілдірілген есепті брокер және дилер уәкілетті орган хабарлағаннан кейін екі жұмыс күннен кешіктірмей береді.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005.05.28 N 164 , өзгерту енгізілді - 2007.03.30 N 76 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2007.06.25 N 173 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз), 2010.09.03 N 122 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

4. Есепке осы Ереженің 1-9-қосымшаларына сәйкес жасалған нысан кіреді.

Осы Ереженің 4-қосымшасына сәйкес жасалған есепті номиналды ұстаушы ретінде шоттарды жүргізу құқығымен бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға уәкілетті органның лицензиялары бар

ұ й ы м д а р

б е р е д і .

Ескерту: 4-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005.05.28 N 164 , өзгерту енгізілді - 2007.06.25 N 173 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз), 2009.01.26 N 6 , 2009.05.26 N 101 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2010.02.01 N 9, 2010.04.30 N 60 Қаулыларымен.

4-1. Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар ұйымдар есептік айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күні Астана қаласының уақытымен сағат 10.00 кешіктірмей осы Ереженің 3-тармағында белгіленген тәртіпте осы Ереженің 4-1-қосымшасына сәйкес электрондық тасымалдағышта бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында жасасқан Қазақстан Республикасы ұйымдарының мемлекеттік емес бағалы қағаздарымен орындалмаған мәмілелер туралы есепті, осы Ереженің 4-2-қосымшасына сәйкес қағаз және электрондық тасымалдағышта кепілге берілген не өзгеше ауыртпалық салынған меншікті активтері бойынша есепті (зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарды және зейнетақы активтерін басқаруды дербес жүзеге асыратын жинақтаушы зейнетақы қорларын қоспағанда) осы Ереженің 7-қосымшасына сәйкес қағаз және электрондық тасымалдағышта тапсырмасы бойынша қор биржасының сауда жүйесінде «РЕПОны» «тікелей әдіспен» ашу операциясы жүргізілген брокердің шоттарындағы клиенттердің активтер қалдықтарының құны туралы есепті уәкілетті органға береді.

Ескерту: 4-1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.11.02 N 230 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз), өзгерту енгізілді - 2010.04.30 N 60 Қаулыларымен.

4-2. Акционерлік қоғамнан басқа ұйымдастырушылық-құқықтық нысанда құрылған бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар ұйымдар есептік тоқсаннан кейінгі айдың соңғы күнінен кешіктірмейтін мерзімде әр тоқсан сайын уәкілетті органға осы Ереженің 3-тармағының үшінші, төртінші, алтыншы, жетінші, сегізінші абзацтарында белгіленген тәртіпте қағаз тасымалдағышта осы Ереженің 4-3-қосымшасына сәйкес мына тұлғалар туралы мәліметтерді береді:

1) қ а т ы с у ш ы л а р ;

2) қатысушы не бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйымның атқарушы органының, бақылау кеңесінің мүшесі болып табылатын жеке тұлғаның жақын туыстары (ата-анасы, аға-інісі, апа-сіңлісі, ұлы, қызы), некеде тұрған, сондай-ақ жекжаттары болатын (ерінің (зайыбының) аға-інісі, апа-сіңлісі, ата-анасы, ұлы немесе қызы)

ж е к е

т ұ л ғ а л а р ;

3) атқарушы органының, бақылау кеңесінің мүшелері;

4) осы тармақтың 1), 5)-9) тармақшаларында аталған заңды тұлғаның атқарушы органының, басқару органының, бақылау кеңесінің мүшелері;

5) бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйымның қатысушысы не атқарушы органының, бақылау кеңесінің мүшесі болып табылатын тұлғамен бақыланатын заңды т ұ л ғ а л а р ;

6) бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйымның қатысушысы не атқарушы органының, бақылау кеңесінің мүшесі болып табылатын тұлға оған қатысты ірі акционер не мүлігінде он және одан астам пайыз мөлшеріндегі үлеске құқығы бар болатын з а ң д ы т ұ л ғ а л а р ,

7) оларға қатысты бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйым ірі акционер не мүлігінде он және одан астам пайыз мөлшеріндегі үлеске құқығы бар болатын заңды тұлғалар,

8) бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйыммен бірлесіп үшінші тұлғаның бақылауындағы з а ң д ы т ұ л ғ а л а р ;

9) бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйыммен шартпен байланысты тұлғалар туралы, шартқа сәйкес олар бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйым қабылдайтын шешімдерді айқындауға қ ұ қ ы қ т а р ы б а р ;

10) бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйымның жарғылық капиталында қатысу үлесінің он және одан астам пайызына иелік ететін қатысушылармен шартпен байланысты тұлғалар туралы, шартқа сәйкес олар бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйымның қызметіне қатысты осы қатысушы қабылдайтын шешімдерді айқындауға құқықтары бар.

Ескерту. 4-2-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.10.29 N 166 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2009.01.26 N 6, 2009.11.02 N 230 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Қаулыларымен.

3-тарау. Уәкілетті органның есепті қарау тәртібі

Ескерту: 5-6-тармақтар алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 28 мамырдағы N 164 қаулысымен .

7. Есеп бойынша ескертулер бар болса, уәкілетті орган уәкілетті орган бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар ұйымға олар жөнінде жазбаша хабарлайды және анықталған кемшіліктерді жою қажеттілігін және/немесе Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес еместігін көрсетеді. Уәкілетті органның ескертулерін ескере отырып түзетілген есеп ескертулердің бар екендігі туралы хабарламаны тіркеуші алған күннен бастап он күннен кешіктірілмей уәкілетті органға қайтадан ұсынылады.

8. Уәкілетті орган есепті қарау барысында есепте көрсетілген ақпаратты тексеру үшін бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар ұйымнан қажетті мәліметтер мен құжаттар сұратуға құқылы.

9. Есепті бермегені, есеп бойынша жасалған ескертулерді жоймағаны үшін немесе уәкілетті орган есепті қарау барысында нақты емес мәліметтер анықтаса, бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар ұйым және оның лауазымды тұлғалары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауап береді.

Қазақстан Республикасының
бағалы қағаздар нарығында
брокерлік және дилерлік
қызметті жүзеге асыруға
лицензиялары бар ұйымдардың
есеп беру ережесінің

1-қосымшасы

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.01.26 N 6 , өзгерту енгізілді - 2009.05.26 N 101 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2010.09.03 N 122 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2010.03.29 № 50 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулыларымен.

" _____ " _____ жағдай бойынша
бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік
қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар
ұйым туралы мәліметтер
(брокердің және дилердің атауы)

| | | |
|---|---|--|
| 1 | Орналасқан орны (тіркелген) | |
| 2 | Орналасқан орны (нақты) | |
| 3 | Байланыс құралдары туралы мәліметтер (телефон, факс, электронды почта, Интернет торабындағы сайттың адресі): | |
| 4 | <p>Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар екінші деңгейдегі банктің акцияларын иеленетін тұлғаларды қоспағанда, ұйымның акцияларымен (жарғы капиталында қатысу үлесімен) иелік ететін тұлғалар туралы мәліметтер:</p> <p>1) президенттер:</p> <p>заңды тұлға үшін: заңды тұлғаның атауы; заңды тұлғаның мемлекеттік (қайта) тіркеу туралы мәліметтер; бизнес – сәйкестендіру нөмірі; заңды тұлғаға тиесілі акциялардың саны ұйымның орналастырылған акцияларының жалпы санына немесе ұйымның жарғылық капиталындағы қатысу үлесіне (пайызбен) арақатынасы;</p> <p>жеке тұлға үшін: тегі, аты, бар болса әкесінің аты; туған күні; жеке тұлғаға тиесілі акциялардың саны ұйымның орналастырылған акцияларының жалпы санына немесе ұйымның жарғылық капиталындағы қатысу үлесіне (пайызбен) арақатынасы;</p> <p>2) резидент еместер:</p> <p>заңды тұлға үшін: заңды тұлғаның атауы; заңды тұлғаның тіркелген және орналасқан орны (егер заңды тұлға оффшорлық аймақтың аумағында тіркелген жағдайда, онда Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Банктік және сақтандыру қызметінің, бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары қызметінің және бағалы қағаздар рыногында лицензияланатын басқа да қызмет түрлерінің, жинақтаушы зейнетақы қорлары мен акционерлік инвестициялық қорлар қызметінің мақсаттары үшін оффшорлық аймақтардың тізбесін бекіту туралы" 2008 жылғы 2 қазандағы N 145 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 5371 тіркелген) бекітілген Оффшорлық аймақтардың тізбесіне сәйкес осы оффшорлық аймақты көрсету қажет);</p> <p>заңды тұлғаға тиесілі акциялардың саны ұйымның орналастырылған акцияларының жалпы санына немесе ұйымның жарғылық капиталындағы қатысу үлесіне (пайызбен) арақатынасы;</p> <p>жеке тұлға үшін: тегі, аты, бар болса әкесінің аты; азаматтық; тұрғылықты мекені; жеке тұлғаға тиесілі акциялардың саны ұйымның орналастырылған акцияларының жалпы санына немесе ұйымның жарғылық капиталындағы қатысу үлесіне (пайызбен) арақатынасы</p> | |
| 5 | Ұйым акцияның жиырма бес және одан астам пайызына иелік ететін (жарғылық капиталында қатысу үлесіне) акционер (қатысушы) болып табылатын заңды тұлғалар туралы мәліметтер | |

| | | |
|---|--|--|
| 6 | Ұйымның басшы қызметкерлері туралы мәліметтер (тегі, аты, бар болса әкесінің аты, атқаратын лауазымы, жұмысқа қабылданған күні, уәкілетті органмен басшы қызметкерді келісілу күні) | |
| 7 | Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыру бойынша қызметті жүзеге асыруға қатысатын қызметкерлер туралы мәліметтер (тегі, аты, бар болса әкесінің аты, атқаратын лауазымы, жұмысқа қабылданған күні) | |
| 8 | Клиенттермен жасалған брокерлік қызметті көрсету жөнінде шарттардың саны туралы мәліметтер: брокерлік шарттардың саны; ең төменгі ұстау бойынша қызмет көрсетудің шартын мен тәртібін қоса брокерлік шарттардың саны | |

Б а с ш ы

(ол болмаған кезде – оның орнындағы тұлға)

_____ (Тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)

Бас бухгалтер _____

(Тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)

Орындаушы _____

(лауазымы, тегі мен аты) (қолы) (телефон нөмірі)

Есепке қол қойылған күні 20 ____ « ____ » _____

Мөр қойылатын орын

Қазақстан Республикасының
бағалы қағаздар нарығында
брокерлік және дилерлік
қызметті жүзеге асыруға
лицензиялары бар ұйымдардың
есеп беру ережесінің

2-қосымшасы

Ескерту: 2-қосымша жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.06.25 N 173 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз), өзгерту енгізілді - 2010.09.03 N 122 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

_____ дейінгі кезең ішінде (бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйымның атауы) филиалдары туралы мәліметтер

| N | Филиалдың атауы | Филиалдың орналасқан орны |
|---|-----------------|---------------------------|
| | | |

Б а с ш ы

(ол болмаған кезде – оның орнындағы тұлға)

(Тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)

Бас бухгалтер _____

(Тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)

Орындаушы _____

(лауазымы, тегі, аты) (қолы) (телефон нөмірі)

Есепке қол қойылған күні 20 _____ « _____ » _____

Мөр қойылатын орын

Қазақстан Республикасының
бағалы қағаздар нарығында
брокерлік және дилерлік
қызметті жүзеге асыруға
лицензиялары бар ұйымдардың
есеп беру ережесінің

3-қосымшасы

Ескерту: 3-қосымша жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005.05.28 N 164 , өзгерту енгізілді - 2005.11.26 N 415 , 2007.03.30 N 76 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2007.06.25 N 173 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз), 2009.05.26 N 101 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2010.09.03 N 122 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

_____ дейінгі кезең ішінде Қазақстан
Республикасының бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында
жасалған, бағалы қағаздармен болатын мәмілелер
туралы есеп

[бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік
қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар ұйымның атауы]

| N | Мәмі- лені жасасу күні ¹ | Бағалы қағаздың бірегей- лендіру нөмірі ² | Эмите- нттің атауы ³ | Бағалы қағаз- дардың с а н ы (дана) ⁴ | Б і р бағалы қағаздың бағасы ⁵ | Мәмі- ленің көлемі (теңге) ⁶ |
|-------|---|--|---------------------------------------|--|--|--|
| | | | | | | |
| Жиыны | | | | | | |

кестенің жалғасы

| | | | | | | |
|--|--|--|--|--|--|--|
| | | | | | | |
|--|--|--|--|--|--|--|

| Сатып алушы ⁷ | Сатушы ⁷ | Мәмілеге кім ретінде қатысты | | | Орналас-тыру ¹¹ | Клиент тапсырысын тіркеудің нөмірі, күні және уақыты ¹² | Ескерту |
|--------------------------|---------------------|------------------------------|---------------------|---------------------|----------------------------|--|---------|
| | | Андеррайтер ⁸ | Брокер ⁹ | Дилер ¹⁰ | | | |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |

Б а с ш ы
(ол болмаған кезде – оның орнындағы тұлға)

(Тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)

Бас бухгалтер _____

(Тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)

Орындаушы _____

(лауазымы, тегі, аты) (қолы) (телефон нөмірі)

Есепке қол қойылған күні 20_____ «_____» _____

Мөр қойылатын орын

Е с к е р т у :

¹ Мәміленің жасалған күні күні/айы/жылы форматында көрсетіледі.

² Бағалы қағазға берілген бірегейлендіру нөмірі көрсетіледі.

³ Бағалы қағаздарымен мәмілелер жасалған эмитенттің атауы көрсетіледі.

⁴ Сол арқылы мәміле жасалған бағалы қағаздардың саны (данада) көрсетіледі. Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар ұйымдар бір мезгілде сатушы және сатып алушы ретінде мәмілеге қатысқан жағдайда, аталған мәміле осы есепте бір мәміле түрінде кө р і н е д і .

⁵ Мәміленің бағасы үтірден кейін төрт белгіге дейін (теңгемен) көрсетіледі.

Шетел валютасында мәміле жасалған жағдайда, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мәмілені жасаған күні белгілеген ресми бағамы бойынша теңгемен бағасы көрсетіледі. Мәміле бойынша есептесу мәміле жасалған күнде жүзеге асырылмаған жағдайда, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептесуді жүзеге асырған күні белгілеген ресми бағамы бойынша теңгемен мәміленің бағасын көрсету қажет.

⁶ Мәміленің көлемі үтірден кейін екі белгіге дейін (теңгемен) көрсетіледі.

⁷ Солардың есебінен және мүддесімен мәміле жасалған брокер және дилердің клиенттерінің коды көрсетіледі. Брокер-дилер өз есебінен және өз мүддесімен мәмілелер жасаған жағдайда, осы бағандарда аталған брокер және дилердің коды кө р с е т і л е д і .

Бағалы қағаздарды сатушылар мен сатып алушылардың кодтары:

| | | |
|--|--|--|
| | | |
|--|--|--|

| N | Толық атауы | Бес таңбалы код |
|----|---|---|
| 1. | Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары | Сауда-саттықты ұйымдастырушының берген бес таңбалы коды |
| 2. | Эмитент | ISS__ |
| 3. | Заңды тұлға | JUR__ |
| 4. | Жеке тұлға | FIZ__ |
| 5. | Инвестициялық қор | INVFD |

⁸ Егер бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар ұйым осы эмитенттің бағалы қағаздары бойынша андеррайтер болып сөз сөйлесе, "А" белгісі пайдаланылады.

⁹ Егер бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар ұйым осы эмитенттің бағалы қағаздары бойынша брокер ретінде сөз сөйлесе, "В" белгісі пайдаланылады.

¹⁰ Егер бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар ұйым осы эмитенттің бағалы қағаздары бойынша дилер ретінде сөз сөйлесе, "D" белгісі пайдаланылады.

¹¹ Мынадай белгілер пайдаланылады:

"1" - бағалы қағаздарды бастапқы орналастыру;

"2" - бағалы қағаздардың қайталама айналысы.

¹² Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды дербес жүзеге асыратын жинақтаушы зейнетақы қоры, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым немесе бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар инвестициялық қордың басқарушы компаниясы (инвестициялық қордың активтері есебінен) брокерлік қызмет аясында мәміле жасасқан жағдайда, инвестициялық комитеттің мәміле жасалғаны жөніндегі қабылдаған инвестициялық шешімінің нөмірі мен күні көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының
бағалы қағаздар нарығында
брокерлік және дилерлік
қызметті жүзеге асыруға
лицензиялары бар ұйымдардың
есеп беру ережесінің

4-қосымшасы

Ескерту: Қосымша жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 28 мамырдағы N 164 қаулысымен , өзгерту енгізілді - 2007.03.30 N 76 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2009.05.26 N 101 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз),

2010.09.03 N 122 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

**Есепті кезеңнің соңындағы номиналды ұстауда
болып табылатын бағалы қағаздар туралы есеп**

[бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар ұйымның атауы]

| | | | | | | |
|-----------|---------------------------------------|------------------|---|----------------------------|---|---|
| N | Бағалы қағаздың бірегейлендіру нөмірі | Эмитенттің атауы | Есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша брокер клиенттерінің шоттарындағы бағалы қағаздардың саны (дана) және бағалы қағаздарды ұстаушылардың саны | | | |
| | | | барлығы | | Қазақстан Республикасы жинақтаушы қорларының активтері) | Республикасы зейнетақы (меншікті активтері) |
| | | | бағалы қағаздардың (дана) | бағалы қағаз ұстаушылардың | бағалы қағаздардың (дана) | бағалы қағаз ұстаушылардың |
| жиын-тығы | | | | | | |

кестенің жалғасы

| | | | |
|---|----------------------------|---|----------------------------|
| Есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша брокер клиенттерінің шоттарындағы бағалы қағаздардың саны (дана) және бағалы қағаздарды ұстаушылардың саны | | Есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша брокер клиенттерінің шоттарындағы бағалы қағаздардың саны (дана) және бағалы қағаздарды ұстаушылардың саны | |
| Қазақстан Республикасы екінші деңгейдегі банктердің (меншік иелерінің) | | Қазақстан Республикасы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының (меншік иелерінің) | |
| бағалы қағаздардың (дана) | бағалы қағаз ұстаушылардың | бағалы қағаздардың (дана) | бағалы қағаз ұстаушылардың |
| | | | |

кестенің жалғасы

| | | | |
|---|--|---|--------------|
| Есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша брокер клиенттерінің шоттарындағы бағалы қағаздардың саны (дана) және бағалы қағаздарды ұстаушылардың саны | | Есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша брокер клиенттерінің шоттарындағы бағалы қағаздардың саны (дана) және бағалы қағаздарды ұстаушылардың саны | |
| Қазақстан Республикасы брокер-дилерлерінің (банк емес меншік иелерінің) | | Қазақстан Республикасы қаржы нарығының басқа лицензиаттарының (меншік иелерінің) | |
| | | бағалы қағаз | бағалы қағаз |

| | | | | | |
|---------------------------|----------------------------|---------------------------|---------------|---------------------------|---------------|
| бағалы қағаздардың (дана) | бағалы қағаз ұстаушылардың | бағалы қағаздардың (дана) | ұстаушылардың | бағалы қағаздардың (дана) | ұстаушылардың |
| | | | | | |
| | | | | | |

кестенің жалғасы

| | | | | | |
|---|----------------------------|--|----------------------------|--|----------------------------|
| Есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша брокер клиенттерінің шоттарындағы бағалы қағаздардың саны (дана) және бағалы қағаздарды ұстаушылардың саны | | | | | |
| Қазақстан Республикасының резидент басқа заңды тұлғаларының | | Қазақстан Республикасының резидент емес басқа заңды тұлғаларының | | Қазақстан Республикасының резидент жеке тұлғаларының | |
| бағалы қағаздардың (дана) | бағалы қағаз ұстаушылардың | бағалы қағаздардың (дана) | бағалы қағаз ұстаушылардың | бағалы қағаздардың (дана) | бағалы қағаз ұстаушылардың |
| | | | | | |
| | | | | | |

кестенің жалғасы

| | |
|---|----------------------------|
| Есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша брокер клиенттерінің шоттарындағы бағалы қағаздардың саны (дана) және бағалы қағаздарды ұстаушылардың саны | |
| Қазақстан Республикасының резидент емес жеке тұлғаларының | |
| бағалы қағаздардың (дана) | бағалы қағаз ұстаушылардың |
| | |
| | |

Б а с ш ы

(ол болмаған кезде – оның орнындағы тұлға)

(Тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)

Бас бухгалтер _____

(Тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)

Орындаушы _____

(лауазымы, тегі, аты) (қолы) (телефон нөмірі)

Есепке қол қойылған күні 20 ____ « ____ » _____

Мөр қойылатын орын

"Қазақстан Республикасының
бағалы қағаздар рыногында
брокерлік және дилерлік қызметті
жүзеге асыруға лицензиялары бар
ұйымдардың есеп беру ережесіне

4-1-қосымша

Ескерту. Ереже 4-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.06.25 N 173 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз), өзгерту енгізілді - 2009.05.26 N 101 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулыларымен.

 бастап дейінгі кезеңде (бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйымның атауы) ұйымдаспаған бағалы қағаздар рыногында мемлекеттік емес бағалы қағаздарымен жасасқан, орындалмаған мәмілелері туралы
ЕСЕП

| N | Бірегейлендіру коды | Клиент тапсырысын тіркеудің нөмірі, күні және уақыты | Бағалы қағаздың сәйкестендіру нөмірі | Мәміленің түрі | Бағалы қағаздардың саны |
|---|---------------------|--|--------------------------------------|----------------|-------------------------|
| | | | | | |

кестенің жалғасы

| Бір бағалы қағаздың бағасы (теңге) | Контрагенттің бірегейлендіру коды | К і м ретінде қатысты | Орындалмау себебі | Орналастыру |
|------------------------------------|-----------------------------------|-----------------------|-------------------|-------------|
| | | | | |

